

Түркістан облысы Шардара қаласы
«№2 Жамбыл Жабаяев атындағы бастауыш мектебі»
бастауыш сынып мұғалімі
Рүстембек Гүлмира Қарымбекқызы
Ана тілім - дана тілім

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Өлеңді түсініп оқиды, мазмұнын түсінеді; Көптеген оқушылар: Өлеңнен қажетті ақпаратты түртіп алып оқиды; өлең бойынша сұрақтарға жауап береді; Кейбір оқушылар: Өлеңнен негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды;

Сабақтың барысы:				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ана тілім – бала шағым, өркенім, Ана тілім – болашағым, ертеңім, Ана тілім – сайын далам, жер, көгім, Ана тілім – арман, ойым, өрнегім. «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің			Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.

Сабақтың ортасы 25 минут	еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түсем деймін т.б. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, алаңдау) Сабақтың мақсатын айқындау. Олеңнің негізгі ойын анықтай алады. Екі ақынның өлеңдеріндегі ортақ мәселені тауып, одан шығу жолын ұсына алады. Ширату тапсырмасы Парақшалардағы мақал - мәтелдердің ұйқасын тап. 1. Ана тілін білмейтін адам..... (Надан) 2. Бал тамған тілден..... (у да тамады) 3. Тіл тас жарады..... (тас жармаса бас жарады) 4. Ана тілім -..... (дана тілім) «Ойдан» айдары (О) Оқып, сөйлемдердегі ойды аяқта. Менің ана тілім - ... Біздің мемлекеттік тіліміз - ... Әркім өз ана тілінде ... Мен ойымды, қуанышымды, ренішімді ана ... Мен ана тілімде ән ... Әр ұлттың өз ана тілі ... Мағынаны тану  Мүзафар Әлімбаев (1923-2017) - ақын, аудармашы, балалар жазушысы. Павлодар облысы Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында дүниеге келген. «Балдырған» журналының бас редакторы болып, қызмет атқарған.  Ғафу Қайырбеков (1928-1994) - ақын. Қостанай облысы Торғай қаласында дүниеге келген. «Дала қоңырауы» (1956) поэмасы, «Жер астындағы жұлдыздар» (1965), «Қанатты жылдар» (1973) жинақтары, «Беласар», «Жұлдызды тағдырлар» атты өлеңдер жинағы бар. «Түсініп оқы» айдары бойынша Мүзафар Әлімбаевтың «Ана тіліне тағзым» өлеңі мен Ғафу Қайырбековтың «Ана тілі» өлеңін түсініп оқиды. Екі өлеңтің мазмұнын салыстыра отырып, негізгі	Оз бойындағы жақсы қасиеттерін айтып береді. Берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді айтады. Мақал – мәтелдердің ұйқасын табады. Сөйлемдегі ойды аяқтайды. Оқушылар өзінің өлеңпен сәткермен белгілен жинаған	Қолпаштау Мадақтау сөздері	Өлең жазылған қағаз Сөздер жазылған қағаздар Парақшалардағы мақал - мәтелдер Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау. М.Әлімбаев, Ғ.Қайырбеков портреттері Оқылым, жазылым тапсырмалар
-------------------------------------	---	--	--	--

идеясын тауып, қажетті ақпаратты белгілеп отыру тапсырылады. Өз бетінше оқуға 4-5 минут уақыт аралығы беріледі. Олеңнен қажетті ақпаратты алу үшін оқушылар стикермен белгілеп отырып оқиды. Белгілен алынған қажетті ақпаратқа стикерлер жапсырылады. Үлгі: Ана тіл, туған анамыздай сыйлаймыз, ана тілін бағалаймыз, ана тілін аялау, анасынан тілін қорлаған адам безеді. Саралау: Ынтымақта бірлікте жұмыс жасап, білгенін жолдастарымен бөлісіп, түйінді ойды, тақырыпты ортаға салып талқылайды. Дескриптор: Олеңдерді түсініп оқиды. Екі ақын өлеңіндегі негізгі ойды табады, қажетті ақпаратты белгілейді. ҚБ: «Түстер» Сергіту сәті. Мен қазақтың. Сөздік жұмысы. Олеңдегі мағынасы түсініксіз сөздердің мағынасын ашу. Тағзым – ізет, құрмет, қошамет Сөз кені – бұл жерде байлық, қазына мағынасында Тізелесу – барлығы бірігу «Микрофон» әдісі Бір оқушы қолына микрофон алып, оқушыларға сұрақ қояды. - Ақын ана тілін немен теңестіреді? - Олеңдегі «ана тілін бағалау, аялау» деген сөзді қалай түсінесің? Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді. ҚБ: Отшашу «Төрт сөйлем» әдісі. ("Аудиодискімен жұмыс") Ұнтаспадан Несіпбек Айтұлының «Ана тілі» өлеңін тыңдату. 1. Пікір. Тыңдаған материал бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. 2. Дәлел. Олеңдегі негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды. 3. Сұрақ. Олеңге сүйеніп, ана тілі туралы сұрақ ойластырады. 4. Қорытынды. Олеңге тақырып қояды. Саралау: Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтілетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу. ҚБ: «Мадақтама» Жеке жұмыс «Блум таксономиясы» <table><tr><td>Сұрақтары</td><td>Жауап</td></tr></table>	Сұрақтары	Жауап	мәліметтерін басқа оқушылармен бөліседі. Оқушылар би билеп сергіп қалады. Бір сұрақты бірнеше оқушыға қою арқылы оқушылардың пікірлері салыстырылады. Оқушылар тапсырмаларды орындайды.	ы. ҚБ: «Түстер» (жасыл, қызыл) ҚБ: Отшашу Сөздік жұмысы. Олеңдегі мағынасы түсініксіз сөздердің мағынасын ашу. Тағзым – ізет, құрмет, қошамет Сөз кені – бұл жерде байлық, қазына мағынасында Тізелесу –
Сұрақтары	Жауап			

Сабақтың соңы 10 минут	Білу	Қандай ақын, жазушыларды білесің?	тары	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.	ҚБ: «Мадақт ама»	барлығы бірігу
	Түсін у	Өлеңдегі «ана тілін бағалау, аялау» деген сөзді қалай түсінесің?				
	Қолд ану	Тіл мерекесіне құттықтау хат дайындандар.				
	Талда у	«Ана тіліне тағзым» мен «Ана тілі» екі өлеңді салыстыр.				
	Жина қтау	Тіл жанашыры ретінде ана тілінді дамыту үшін қандай ұсыныс айтар дайындандар.				
	Бағал ау	Отбасы мүшелерінің ана тілінде таза сөйлеу деңгейін диаграмма үлгісімен сызып дайында				
«5 жолды өлең құрастыру» әдісіне сүйеніп «Ана тілім» деген тақырыпта өлең құрастырады. Бес жолды өлең 1. Зат есім: Ана тілім 2. Сын есім: құрметті, бағалы 3. Етістік: аялайды, сүйеді, үйренеді. 4. Сөз тіркесі: Ана тілін сүйеді. 5. Синоним: Анам тілі Саралау: Орындау барысында қарқын арқылы саралау. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт беріледі. Үй тапсырмасы: «Сен өз ауылыңды/қалаңды білесің бе?» тақырыбында викториналық сұрақтар дайындап жазындар. Рефлексия Оқушыларға «Білім шыңы» кері байланыс постері түсіндіріледі. Стикерлер таратылады. Оқушылар өздері қалаған шың басына жабыстырады.				Бес жолды өлең құрастырады.		«Білім шыңы» кері байланыс парағы
«Білім шыңы» әдісі 				Стикерлер жапсырады.		